

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қазан N 1324

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "Үкіметтің 1996 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 1732 P951732_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының 4-тармағы алынып тасталсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 38, 492-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 15

желтоқсандағы N 1732 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 ақпандағы N 254 қаулысының бесінші абзацы алынып тасталсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 10, 72-құжат).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары